Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және
құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК
ҚҰЖАТТАР

Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства Республики Казахстан
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И
СМЕТАМ

ЖАБДЫҚТАРДЫ МОНТАЖДАУҒА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР

Жабдықтарды монтаждауға арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану бойынша жалпы ережелер

ЭЛЕМЕНТНЫЕ СМЕТНЫЕ НОРМЫ НА МОНТАЖ ОБОРУДОВАНИЯ

Общие положения по применению элементных сметных норм на монтаж оборудования

ҚР ЭСН 8.04-02-2022
ЭСН РК 8.04-02-2022

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Нұр-Султан 2022

Қазақстан Республикасы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И СМЕТАМ

ЖАБДЫҚТАРДЫ МОНТАЖДАУҒА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР

Жабдықтарды монтаждауға арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану бойынша жалпы ережелер

ЭЛЕМЕНТНЫЕ СМЕТНЫЕ НОРМЫ НА МОНТАЖ ОБОРУДОВАНИЯ

Общие положения по применению элементных сметных норм на монтаж оборудования

ҚР ЭСН 8.04-02-2022
ЭСН РК 8.04-02-2022

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Нұр-Султан 2022

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕГЕН	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2 ҰСЫНҒАН	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігінің (ҚР ИИДМ) Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар баскармасы
3 ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ	ҚР ИДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 18.04.2022 жылғы № 71-НҚ бұйрығымен 18.0342022 жылдан бастап
4 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	ҚР ЭСН 8.04-02-2015 ЖАБДЫҚТАРДЫ МОНТАЖДАУҒА АРНАЛҒАН РЕСУРСТАР ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАР ЖИНАҒЫ

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН	АО «КазНИИСА»
2 ПРЕДСТАВЛЕН	Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (КДСЖКХ МИИР РК)
3 ПРИНЯТ	Приказом КДСЖКХ МИИР РК от 18.04.2022 г. №71- НҚ
И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ	с 18.04.2022 года
4 ВВЕДЕН ВЗАМЕН	ЭСН РК 8.04-02-2015 «СБОРНИК ЭЛЕМЕНТНЫХ СМЕТНЫХ НОРМ РАСХОДА РЕСУРСОВ НА МОНТАЖ ОБОРУДОВАНИЯ»

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК

Мазмұны

Кіріспе V
1 Қолдану саласы 1
2 Жалпы бөлім 1
3 Қолдану тәртібі 5
4 Жабдықты өткізу 9
5 Нормаларда көзделмеген жабдық 9
6 Бөлшектеу жұмыстары 11
А қосымшасы 12
Б қосымшасы 15
В қосымшасы 18

БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК

Кіріспе

Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалар Қазақстан Республикасының құрылысында баға белгілеу мен сметалық нормалаудың құрамдас бөлігі болып табылады. Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалар элементтік сметалық нормалар жинағынан және оларды қолдану жөніндегі жалпы ережелерден тұрады.

Осы жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану жөніндегі жалпы ережелер (бұдан әрі-Жалпы ережелер) жабдықты монтаждау бойынша жұмыстарды және монтаждау жұмыстарының басқа да түрлерін орындау үшін қажетті элементтік сметалық нормаларды (еңбек, техникалық, материалдық) қолданудың бірыңғай тәртібін белгілейді.

Құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану жөніндегі жалпы ережелерді қайта пысықтау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі жалпы Қазақстан Республикасындағы құрылыс саласының сметалық баға белгілеу жүйесінің реформасына негізделген объективті факторлардан, сондай-ақ объектілерді салуға арналған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын әзірлеудің, келісудің және бекітудің қазіргі заманғы практикасында туындайтын мәселелерді реттейтін жекелеген нормативтік ережелерді ретке келтіру қажеттілігінен туындады.

БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК

БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

ЖАБДЫҚТЫ МОНТАЖДАУҒА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

GENERAL PROVISIONS FOR THE APPLICATION OF ELEMENTAL ESTIMATE RATES FOR INSTALLATION OF EQUIPMENT

Енгізу күні 2022-04-18

1 Қолдану саласы

1.1 Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалар бастапқы сметалық нормативтер болып табылады және жергілікті сметалар мен жергілікті сметалық есептерді жасау, ірілендірілген сметалық нормаларды әзірлеу кезінде сметалық шығындарды айқындауға, сондай-ақ орындалған құрылыс жұмыстары үшін есептеулерге арналған.

1.2 Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалар құрылысты ұйымдастыру жобаларын және жұмыстарды жүргізу жобаларын әзірлеу кезінде ресурстарға қажеттілікті айқындау үшін, сондай-ақ егер осы объектіге ұзақтық нормалары болмаса, құрылыстың ұзақтығын айқындау үшін деректер ретінде пайдаланылуы мүмкін. Еңбек ресурстары құрылыстың құнына әсер ететін құрылысты ұйымдастыру жобасының шешімдерімен байланысты қосымша шығындарды есептеу кезінде қолданылады.

1.3 Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалар жобалау алдындағы құжаттама және құрылыс жобаларының құрамында әзірленетін жаңа кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды салу, жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңарту, жаңғырту, кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу, күрделі құрылысты (ғимарат, құрылыс, кешен) оны пайдалану (қолдану) тоқтатылғаннан кейін бөлшектеуге (бөліктеу) сметалық құжаттама жасауға арналған.

2 Жалпы бөлім

2.1 Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалар жабдықтың түрлері, функционалдық мақсаты және конструктивтік сипаттамалары бойынша біріктірілген және монтаждау жұмыстарының түрлері бойынша жеке бөлімдерге (бұдан әрі – Бөлімдер) енгізілген. Бөлімдер Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалар жинағына (бұдан әрі – Жинақ) енгізілген. Жинақ бөлімдерінің тізбесі осы Жалпы ережелердің А қосымшасында келтірілген.

2.2 Жинақтың әрбір Бөлімі техникалық бөлікті және монтаждау жұмыстарының тиісті өлшеуішіне элементтік сметалық нормалардың кестелерін қамтиды.

Жинақ Бөлімдерінің техникалық бөліктерінде Жинақтың тиісті Бөлімдерін қолдану кезінде ескерілуі қажет жұмыстардың ерекше ерекшеліктеріне байланысты ережелер келтіріледі. Техникалық бөліктерде элементтік сметалық нормаларды қолдану мақсаты мен тәртібі туралы мәліметтер, жұмыс көлемдерін есептеу ережелері, нормаларда қабылданғандардан ерекшеленетін жағдайларда жұмыс жүргізуді ескеретін коэффициенттер келтіріледі.

2.3 Осы Жалпы ережелер Жинақ Бөлімдерінің барлық элементтік сметалық нормаларына ортақ болып табылады.

2.4 Жинақ Бөлімдерінің элементтік сметалық нормалары Қазақстан Республикасы инвестициялық-құрылыс қызметі саласында құрылысты жүзеге асыру үшін қажетті және жабдықты монтаждау бойынша жұмыстарды орындау техникасы, технологиясы және оны ұйымдастырудың орташа салалық деңгейін қамтитын ресурстар шығысының орташаландырылған нормаларын көрсетеді. Элементтік сметалық нормалар олардың ведомстволық тиесілігіне және меншік нысанына қарамастан, инвестициялық процеске қатысушылар (жобалау ұйымдары, тапсырыс берушілер, мердігерлер) құрылыстың сметалық құнын айқындау үшін қолданылуы мүмкін.

Жинақтың Бөлімдерінде жоқ жабдықтар ресурстарының және жұмыс түрлерінің (оның ішінде бірегей), сондай-ақ импорттық жабдықтардың шығысын анықтау үшін жеке сметалық нормалар (ЖСН) әзірленуі мүмкін. Жеке сметалық нормалар заңнамада белгіленген тәртіппен бекітіледі.

Жеке сметалық нормаларды айқындау тәртібі осы Жалпы ережелердің 5-бөлімінде жазылған.

2.5 Жинақтың әрбір Бөлімінің құрылымы келесідей:

жалпы бөлік;

жабдықты монтаждау бойынша жұмыстардың өзіндік ерекшеліктерімен шартталған ережелер келтірілген техникалық бөлік, нормаларда келтірілгеннен өзгеше технология және жұмыстарды жүргізу тәсілдері кезінде ресурстар шығымының элементтік сметалық нормаларының мақсаты мен қолдану тәртібі туралы нұсқаулар, жабдықтың көлденең және тік орын ауыстыруының нормаларда ескерілген қашықтықтары туралы деректер;

тиісті жабдықты монтаждау ерекшеліктеріне байланысты осы кіші бөлімнің немесе топтың нормаларын қолдану тәртібі туралы мәліметтер бар кіші бөлімдер мен топтарға кіріспе нұсқаулар;

элементтік сметалық нормалар кестелерде келтіріледі, кестенің әрбір бағанына жабдықтың нақты үлгі өлшемі немесе монтаждау жұмысының түрі бойынша элементтік сметалық норма кіреді, ал кесте жалпы немесе жақын атауы, мақсаты, монтаждау жұмыстарының құрамы бар, бірақ нақты параметрлермен ерекшеленетін бірнеше үлгілік өлшемдерді немесе жабдық (жұмыс) түрлерін біріктіреді, кестелер топтарға топтастырылады, топтар кіші бөлімдерге біріктіріледі. Біріктіру жабдықтарды жіктеу, функционалдық мақсаты және монтаждау жұмыстарын жүргізу технологиясы негізінде жүргізілді;

нормаларда ескерілмеген материалдық ресурстардың шығысы және (немесе) тізбесі және жабдықты монтаждауға арналған нақты Бөлімді қолдануға байланысты басқа да қажетті мәліметтер келтірілетін жекелеген Бөлімдерге қажетті қосымшалар.

2.6 Элементтік сметалық нормаларда шифр бар; жабдық түрлерінің немесе монтаждау жұмыстарының атауы (жабдықтың атауы мен техникалық сипаттамалары жабдықты немесе жұмыс түрін сипаттайтын негізгі белгілерді қамтиды); жұмыстардың құрамы; өлшеуіш; ресурстар шығысының сандық көрсеткіштері; ресурстар кодтары. Ресурстардың шифры мен кодтары құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес айқындалған.

2.7 Жабдықтың жеке түріне немесе монтаждау жұмысының түріне арналған элементтік сметалық норма жабдықтың түр өлшемінің немесе монтаждау жұмысының өлшем бірлігіне белгіленген мынадай нормативтік ресурстық көрсеткіштерді қамтиды:

жұмысшылардың еңбек шығындары, адам-сағ.;

жұмыстың орташа разряды;

машинистердің еңбек шығындары, адам-сағ.;

құрылыс машиналарының, механизмдерінің, механикаландырылған құралдың номенклатурасы мен пайдалану уақыты маш.- сағ;

жұмыстарды жүргізу процесінде пайдаланылатын материалдардың тізбесі және олардың физикалық (заттай) өлшем бірліктеріндегі шығысы. Материалдық ресурстар құрамында жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалар жабдықты жеке сынауға арналған электр энергиясының шығысын ескереді.

Жинақтың Бөлімдеріндегі кестелерде жабдықтың «таза» массасы келтірілген.

2.8 Жұмыстар мен жабдық түрлерінің атаулары негізгі сипаттайтын параметрлерді қамтиды. Жинақ Бөлімдерінің нормаларында «дейін» деген сөзбен келтірілген жеке сипаттамалардың параметрлерін (ұзындығы, биіктігі, ауданы, массасы, сыйымдылығы, диаметрі және т.б.) қоса алғанда, ал «бастап» деген сөзбен – көрсетілген шаманы қоспағанда, яғни жоғары деп түсіну керек.

2.9 Элементтік сметалық нормалар кестелеріне келтірілген жұмыстар құрамының сипаттамасында негізгі операциялар мен жұмыстардың түрлерінің тізбесі келтіріледі. Ұсақ және қосалқы ілеспе операциялар аталмайды, бірақ нормаларда ескерілген.

2.10 Жинақ Бөлімдерінің элементтік сметалық нормалары келесі талаптарды ескере отырып әзірленген

мемлекеттік стандарттар (ҚР СТ);

жабдықты, техникалық регламенттерді, нұсқаулықтарды және жабдықты дайындау, монтаждау және пайдалану жөніндегі басқа да техникалық құжаттаманы дайындауға, жеткізуге және монтаждауға арналған техникалық шарттар (ТШ) ;

«Жұмыстарды ұйымдастыру, жүргізу және қабылдау» ҚНжЕ тиісті тараулары;

жабдықты қауіпсіз пайдалануды мемлекеттік техникалық қадағалау органдары, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі қағидалар.

2.11 Жинақ Бөлімдерінің нормаларында жабдықты жеткізу мен монтаждауға арналған нормативтік және техникалық құжаттарда, сондай-ақ «Жұмыстарды ұйымдастыру, жүргізу және қабылдау» ҚНжЕ тиісті тарауларында белгіленген жабдықты монтаждау бойынша жұмыстар кешенін орындауға арналған ресурстардың шығысы ескерілген, соның ішінде:

жабдықты монтаждауға қабылдау;

жабдықты тиеу және түсіру арқылы көлденең және тігінен өткізу;

жабдықты қаптамадан босату және қаптаманы апару;

жабдықты консервілейтін майлаудан және жабыннан тазалау, техникалық қарап тексеру;

ТШ немесе жабдықтың жекелеген түрлерін монтаждауға арналған нұсқаулықтарда көзделген жағдайларда тексеру (бөлшектеу, майлаудан тазалау, жуу, бөлшектерді қарап тексеру, майлау және құрастыру);

монтаждау механизмдерінің жүк көтергіштігі шегінде барынша ірілендірілген

блоктармен монтаждауды жүргізу үшін жеке тораптармен немесе бөлшектермен жеткізілетін жабдықты іріленділіп жинау;

іргетастарды және басқа да негіздерді жабдыққа қабылдау және тексеру, жабдықты орнату орындарын белгілеу, іргетастардың құдықтарына анкерлік бұрандамалар мен салу бөліктерін орнату;

жабдықтың құрамына кіретін жекелеген механизмдер мен құрылғыларды: желдеткіштерді, сорғыларды, қоректендіргіштерді, электр жетектерін (механикалық бөлігін), іске қосуды реттейтін аппаратураны, металл конструкцияларды, құбырларды, арматураларды, май жағу жүйелерін және осы жабдықтың схемаларында көзделген басқа да құрылғыларды орнатуды қоса алғанда, іргетасқа немесе басқа негізге салыстырып тексерумен және бекітумен жабдықты орнату;

жиектерін дәнекерлеуге дайындай отырып, жабдықты құрастыру және орнату процесінде орындалатын дәнекерлеу жұмыстары;

жабдық құрылғыларын майлау және басқа материалдармен толтыру;

бос және қажетті жағдайларда жүктемемен, гидравликалық, пневматикалық жеке сынақтарды қоса алғанда, монтаждау сапасын тексеру, сондай-ақ жинақтың бөлімдерінің техникалық бөліктерінде немесе кіріспе нұсқауларында көрсетілген сынаулардың басқа да түрлері.

Дайындаушы кәсіпорынның пломбасымен немесе газ толтырылған герметикалық орындаумен жеткізілетін жабдық тексерілмеуі тиіс.

2.12 Жинақ Бөлімдерінің элементтік сметалық нормаларында мынадай ресурстар шығысы көзделмеген:

«Электр техникалық қондырғыларды монтаждау бойынша жұмыстар» деген 8-бөлімнің нормалары бойынша айқындалатын электр монтаждау жұмыстарына арналған;

«Автоматтандыру аспаптары, құралдарын және есептеу техникасын монтаждау бойынша жұмыстар» деген 11-бөлімінің нормалары бойынша айқындалатын автоматтандыру аспаптары мен құралдарын монтаждауға арналған;

техникалық бөліктерде және Бөлімдердің кіріспе нұсқауларында көзделген жағдайларды қоспағанда, «Монтаждық дәнекерленген жалғанымдарды бақылау бойынша жұмыстар» деген 39-бөлімнің нормалары бойынша айқындалатын монтаждық дәнекерленген жалғанымдардың сапасын бақылауға арналған.

Аталған жұмыстарға арналған ресурстардың шығысы жабдықты монтаждау бойынша жұмыстардың құрамында қосымша жергілікті ресурстық сметаларда ескеріледі.

2.13 Жинақ Бөлімдерінің элементтік сметалық нормаларында жабдықты монтаждаумен байланысты құрылыс жұмыстарының жекелеген түрлеріне арналған нормалар ескерілмеген:

жабдықты жеткізу жиынтығына кірмейтін технологиялық металл конструкцияларды, оларды бояуды қоса алғанда, монтаждау;

құбырларды тегістеу және оларды кейіннен бояу;

көпірлі крандардың көпірлерін бояу;

жабдықтың қажетті түсті және ажыратушы бояуы, сондай-ақ түсіндірме және ескерту жазбалары;

жабдықтарды монтаждау үшін құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізу үшін орнатылатын құрылыс сатыларын пайдалану мүмкін болмаған жағдайларда, орнату

қажеттілігі жұмыстарды жүргізу жобасында белгіленген мүкәммалдық құрылыс сатыларын орнату және бөлшектеу;

тоттануға қарсы жабындарға жабдықты дайындау және осы жабындар бойынша жұмыстар;

жабдықты отқа төзімді және қорғаныс материалдарымен қаптамалау;

пеш оттықтарын, кептіргіштерді қалау;

кабель желілері үшін ор қазу бойынша жер жұмыстары;

іргетасты тақталарды құю, іргетасты бұрандамалар мен құдықтарға салынатын бөлшектерді құю.

Бұл жұмыс түрлері Құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормалар жинағының тиісті Бөлімдерінің нормалары бойынша айқындалуы керек.

2.14 Толық құрастырылған түрде толық монтаждау және барынша пайдалану дайындығы жағдайында жеткізілетін жабдықты монтаждауды «Жалпы мақсаттағы жабдықты монтаждау бойынша жұмыстар» деген 37-бөлімнің нормалары бойынша айқындаған жөн.

2.15 Элементтік сметалық нормалар осы Ережелерде, сондай-ақ Жинақ Бөлімдерінің техникалық бөліктері мен кіріспе нұсқауларында көзделген жағдайларды қоспағанда, қолданылатын техникаға, технологияға және нақты объектіде жұмыстарды жүргізу жобасында айқындалған монтаждау жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты түзетілмейді.

2.16 Құрылыс салу температуралық аймағының климаттық жағдайларына байланысты монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде қосымша еңбек шығындарын есепке алу үшін монтаждау жұмыстарының топтары бойынша еңбек шығындарының, машиналарды пайдалану уақытының (жұмысшы машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда) нормаларына осы Жалпы ережелерге В қосымшаның В. 1 кестесінде келтірілген коэффициенттер қолданылады.

Топтар бойынша монтаждау жұмыстарының түрлері осы Жалпы ережелерге В (міндетті) қосымшаның В. 2 кестесінде келтірілген.

3 Қолдану тәртібі

3.1 Сметалық құжаттаманы есептеу үшін жұмыстардың көлемін Жинақ Бөлімдерінің техникалық бөлігінде келтірілген жұмыстардың көлемін есептеу қағидадарына сәйкес анықтау керек.

3.2 Сметалық құжаттаманы жасау кезіндегі негізгі бастапқы құжаттар жергілікті сметалар және жергілікті сметалық есептер болып табылады.

Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану жергілікті сметаларды (жергілікті сметалық есептеулерді) жасау кезінде тікелей жүзеге асырылады. Барлық қажетті көрсеткіштер жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалардан жергілікті сметаларға (жергілікті сметалық есептерге) өзгеріссіз ауыстырылады. Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану тәртібіне және жұмыс жағдайларына коэффициенттерді есепке алуға байланысты көрсеткіштерді нақтылау жергілікті сметаларды (жергілікті сметалық есептерді) жасау кезінде жүзеге асырылады.

Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормаларды қолдану кезінде сметалардағы жұмыстардың атауы кестелердің атауынан және тиісті бағандардың элементтік сметалық нормалар кестелерінің тақырып бөліктерінде орналастырылған ақпараттан қалыптастырылады.

3.3 Жергілікті сметаларда (жергілікті сметалық есептерде) айқындалатын сметалық құн тікелей шығындарды, үстеме шығыстарды және сметалық пайданы, жабдықтың құнын қамтиды.

Тікелей шығындар жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу, машиналар мен механизмдерді (машинистердің еңбек ақысын қоса алғанда) пайдалану, материалдардың, бұйымдар мен конструкциялардың сметалық құнын ескереді. Тура шығындар құрылыс-монтаждау жұмыстарының құнын құрайды.

Үстеме шығыстардың шамасын есептеу әдістемесі және сметалық пайданы есептеу әдістемесі үстеме шығыстардың және сметалық пайданың шамасын айқындау жөніндегі нормативтік құжатта жазылған. Үстеме шығыстар жұмыстардың түрлері бойынша сараланып белгіленген мөлшерде жұмысшылар мен машинистердің жалақысына есептеледі.

Сметалық пайда тікелей шығындар мен үстеме шығыстардың жиынтығына есептеледі.

3.4 Тікелей шығындар жұмыс сызбалары бойынша қабылданған жұмыстардың көлемін осы жұмыстың өлшем бірлігінің құнына көбейту жолымен айқындалады. Жұмыстың өлшем бірлігінің құны сметалық нормалар бойынша қабылданған ресурстар көлемін ағымдағы бағалардағы осы ресурстар бірлігінің құнына көбейту қорытындысының сомасы ретінде айқындалады.

Жергілікті сметаларда (жергілікті сметалық есептерде) тікелей шығындардың құнын айқындау үшін бастапқы деректер мыналар болып табылады:

олардың құнын кейіннен байланыстырумен көрсетілген жұмыс бірлігін орындау үшін қажетті номенклатурадағы Жинақ Бөлімдерінің әрбір элементтік сметалық нормасында келтірілген ресурстық көрсеткіштер;

жұмыс жобасы (жоба) бойынша сызбалар мен ерекшеліктер негізінде айқындалған жұмыстардың көлемі мен жабдық.

3.5 Жобалық құжаттамада айқындаған жұмыстардың көлемі негізінде жергілікті сметаларды (жергілікті сметалық есептерді) жасау кезінде Жинақ Бөлімдерінің элементтік сметалық нормаларының көрсеткіштерін жергілікті сметаның (жергілікті сметалық есептің) бағандары бойынша әрбір жұмыс түріне және (немесе) жабдық түріне байланыстыру жүргізіледі. Жергілікті сметаның (жергілікті сметалық құжаттың) нысаны құрылыстың сметалық құнын айқындау жөніндегі нормативтік құжатта келтіріледі.

3.6 Көрсетілген көлемге жұмыстың әр түрі үшін алынған ресурстық көрсеткіштер жергілікті сметадағы тікелей шығындардың құнын анықтау үшін қолданылады, атап айтқанда:

құрылысшы-жұмысшылардың еңбек шығындары туралы деректер (адам-сағ.) – жұмысшылардың негізгі жалақысын анықтау үшін;

машинистердің еңбек шығындары туралы деректер (адам-сағ.) – машинистердің жалақысын анықтау үшін;

құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалану уақыты туралы деректер (маш.-сағ) - машиналарды пайдалану құнын анықтау үшін;

қабылданған физикалық өлшем бірліктеріндегі материалдардың, бұйымдардың (бөлшектердің) және конструкциялардың шығысы туралы деректер – олардың құнын анықтау үшін.

3.7 Жұмыстың әрбір түріне элементтік сметалық нормалардың құнын байланыстыру құрылыс жүргізілетін өңір бойынша жүргізіледі.

3.8 Үстеме шығыстар, сметалық пайда, уақытша ғимараттар мен құрылыстарға арналған шығындар, құрылыс салу температуралық аймағының климаттық жағдайларында монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде элементтік сметалық нормалармен ескерілгендерден тыс қосымша шығындар, өзге де жұмыстар мен шығындар Жабдықтарды монтаждауға арналған ресурстар шығысының элементтік сметалық нормалар жинағы Бөлімдерінің нормаларында ескерілмеген және қолданыстағы сметалық нормаларға және құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес қосымша есептеледі.

Монтаждау жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормаларда ескерілгендерден тыс құрылыстың жекелеген түрлері бойынша құрылыс салу температуралық аймағының климаттық жағдайларында жұмыстарды жүргізу кезіндегі қосымша шығындар ҚР ЭСН 8.04-01-2012 Құрылыс жұмыстарына арналған ресурстар шығысының элементтік сметалық нормаларын қолдану жөніндегі жалпы ережелерге Г қосымшаның Г.1 кестесінің нормалары бойынша айқындалады.

3.9 Ағымдағы бағаларда құрылыстың сметалық құнын айқындау тәртібі құрылыстағы баға белгілеу және сметалық нормалар бойынша нормативтік құжаттарда жазылған.

3.10 Құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормалар құрамындағы ресурстар көрсеткіштері тапсырыс беру және материалдарды жұмыс өндірісіне арналған шығыстарға есептен шығару үшін негіз бола алмайды.

3.11 Жинақтың бөлімдеріндегі элементтік сметалық нормаларда қоршаған ортаның оң температурасында сыртқы факторлармен қиындатылмаған қалыпты жағдайда жабдықты монтаждау бойынша жұмыстарды немесе монтаждау жұмыстарының басқа түрлерін орындау көзделген. Жұмыстарды жүргізуді қиындататын жағдайларда элементтік сметалық нормалардан қабылданатын барлық ресурстық көрсеткіштер Жинақ Бөлімдерінің техникалық бөлігінде және осы Жалпы ережелерге Б қосымшада келтірілген коэффициенттермен қолданылады.

3.12 Нормаларда көзделгендермен салыстырғанда (жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды қайта жаңарту, техникалық қайта жарақтандыру, кеңейту кезінде, авариялардың, дүлей зілзалалардың салдарын жою кезінде және т. б.) неғұрлым күрделі өндірістік жағдайларда жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыстарды немесе соның салдарынан жұмысшылардың еңбек өнімділігі төмендейтін монтаждау жұмыстарының басқа да түрлерін жүргізу кезінде жұмысшылардың еңбек шығындары мен құрылыс машиналарын пайдалану уақытының нормаларына (машиналарға қызмет көрсететін жұмысшылардың еңбек шығындарын қоса алғанда) осы Жалпы ережелерге Б қосымшаның Б. 1 кестесінде келтірілген түзету коэффициенттері қолданылады.

3.13 Жерасты жағдайларында: шахталарда; кеніштерде; метрополитендерде; тоннельдерде және басқа да жерасты құрылыстарында өндірілетін жабдықты монтаждау кезінде жұмысшылар мен машиналарға қызмет көрсететін жұмысшылардың еңбек

шығындарының нормаларына Б қосымшасының Б.2-кестесінде келтірілген коэффициенттер қолданылады. Бұл ретте Б.2-кестесінде келтірілген коэффициенттер келесі нормаларға қатысты болмайтынын ескеру керек:

3-бөлім «Көтеру-көлік жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар» - 13-030601-0101÷ 0115, 0201÷ 0205, 0301 ÷ 0310, 0401 ÷ 0410 нормалары;

7-бөлім «Компрессорлық машиналарды, сорғыларды және желдеткіштерді монтаждау бойынша жұмыстар» - 13-070403-0201÷206 нормалары;

8-бөлім «Электр техникалық қондырғыларды монтаждау бойынша жұмыстар» - 13-080203-0101 ÷ 0111, 0201 ÷ 0208 нормалар;

12-бөлім «Технологиялық құбырларды монтаждау бойынша жұмыстар» – 13-120401-0101÷0111, 0201÷0205, 0301÷0309, 0401÷0412, 0501÷0512 , 0601÷0613, 0701÷0712, 0801÷0805, 0901÷0909; 1001÷1012, 1101÷1112, 1201÷1213, 1301÷1312 нормалары;

19-бөлім «Көмір және шымтезек өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар» – 1-кіші бөлімнің нормалары; «Метрополитендер мен тоннельдер жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар» деген 21-бөлімнің нормалары.

3.14 Осы Жалпы ережелерге Б қосымшаның Б.1, Б. 2 кестелерінде келтірілген коэффициенттерді қолдану монтаждау жұмыстарын орындаудың және (немесе) жабдықты монтаждаудың нақты шарттарын ескереді және объектілер құрылысының сметалық құнын айқындаудың жеткілікті дұрыстығын айқындайды. Коэффициенттерді қолдану құрылысты ұйымдастыру жобасымен негізделуге тиіс.

3.15 Жинақ бөлімдерінің нормаларында (жекелеген бөлімдерді қоспағанда) қолданылатын машиналар мен механизмдердің құрамы нақты маркаларға байланыстырылмай келтіріледі, машинаның типі мен негізгі сипаттамасы ғана көрсетіледі.

3.16 Жинақ Бөлімдерінің материалдық ресурстар шығысының нормалары қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамамен материалдар мен өнімдердің сапасына қойылатын талаптарды сақтай отырып, жұмыс бірлігін өндіру үшін қажетті техникалық негізделген, рұқсат етілген материалдардың ең көп көлемін көздейді. Материалдық ресурстар шығысының нормалары материалдар шығысының өндірістік нормалары, технологиялық карталар және басқа да технологиялық құжаттама негізінде айқындалған. Материалдық ресурстарды байланыстыру кезінде оларды осы жобаларға сәйкес ауыстыруға жол беріледі, бұл ретте белгіленген өлшем бірлігіне жұмсалатын шығыс өзгермейді.

3.17. Тізбесі Жинақтың тиісті Бөлімдеріне техникалық бөліктерде, кіріспе нұсқауларда немесе қосымшаларда келтірілген материалдық ресурстарды қосымша ескеру керек.

3.18 Монтаждау жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормалар орташаланған жағдайларда әрбір жұмыс түрі бойынша негізгі және қосалқы операциялардың толық кешенін орындауға барлық қажетті ресурстардың қажеттілігін көрсетеді. Элементтік сметалық нормалар осы Жалпы ережелерге Б қосымшада, сондай-ақ Жинақ Бөлімдерінің техникалық бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, нақты объектіде жұмыстар жүргізу жобасында көзделген құрылыс машиналары мен механизмдерінің қолданылатын номенклатурасына, құрылыс жұмыстарын жүргізу технологиясы мен әдістеріне байланысты түзетілмейді.

3.19 Тізбеге енгізілмеген, ЖинақтыңБөлімдеріне техникалық бөліктерде, кіріспе нұсқауларда және қосымшаларда келтірілетін өндірістік-техникалық мақсаттағы материалдар мен бұйымдарды жабдыққа жатқызу керек.

4 Жабдықты өткізу

4.1 Жинақ Бөлімдерінің элементтік сметалық нормаларында құрастыру үшін қажетті жабдықтар мен материалдық ресурстардың объект маңындағы қоймадан (немесе объект маңындағы шеберханадан) Жинақ Бөлімдерінің техникалық бөліктерінде немесе кіріспе нұсқауларында келтірілген қашықтыққа монтаждау орнына дейін көлденең және тік өткізілуіне арналған ресурстар шығысы ескерілген.

4.2 Жабдықты орнату оны объект маңындағы қоймадан құрастыру орнына дейін Жинақтың Бөлімдерінің элементтік сметалық нормаларында көзделгеннен аз қашықтыққа өткізуді талап еткен жағдайларда элементтік сметалық нормалар түзетілмейді.

4.3 Жергілікті сметаларды есептеу кезінде жабдықтың мынадай өткізілуіне арналған ресурстардың шығысын қосымша айқындаған жөн:

нормаларда «орнату орнына дейін», бірақ жалпы алғанда 1500 м аспайтын өткізу ескерілген жағдайларды қоспағанда, жабдықты объект маңындағы қоймадан нормада ескерілген қашықтықтан тыс монтаждау орнына дейін көлденең өткізу;

нормада «жобалық белгілерге дейін» өткізу ескерілген жағдайларды қоспағанда, жабдықтарды нормаларда ескерілгендерден жоғары немесе төмен белгілерге тік өткізу. Өткізу «қабат шегінде» ескерілген нормалар бойынша жабдықты нөлдік белгіден (жер деңгейінен) тиісті қабаттың еден белгісіне дейін көтеруге арналған ресурстар шығысын қосымша ескеру қажет;

бұл шығындар нормаларда ескерілмеген кезде оқпандар мен қазбалар бойынша шахталарда жабдықтарды өткізу.

4.4 Жабдықтар мен материалдық ресурстарды нормаларда ескерілгендерден тыс қашықтыққа өткізуге арналған ресурстар шығысы «Жабдықтарды монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалар жинағының бөлімдерінде көзделгеннен тыс жабдықтар мен материалдық ресурстарды қосымша өткізу бойынша жұмыстар» деген 38-бөлімнің нормалары бойынша айқындаған жөн.

Жабдықты 50 м-ден кем қашықтықта өткізу қосымша ескерілмейді.

4.5 Жабдықты 1000 м артық желілік құрылыстар (арқанды жолдар және т.б.) арқылы өткізуге шығындар жеке сметалық нормалар негізінде анықталады.

4.6 Жабдықты 1500 м-ден астам қашықтыққа өткізуге арналған шығындар (желілік құрылыстарды қоспағанда) жабдықты жеткізу бойынша көліктік шығыстарға жатады және жабдықтың құнында ескеріледі.

5 Нормаларда көзделмеген жабдық

5.1 Жинақтың Бөлімдерінде көзделген, бірақ салмағы бойынша ерекшеленетін жабдықты, оның ішінде техникалық сипаттамалары, жеткізу шарттары және жабдықпен монтаждаудың күрделілігі бойынша ұқсас импорттық жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормаларды мынадай тәртіппен айқындаған жөн:

жабдықтың салмағындағы айырмашылық кезінде (электр қозғалтқыштар мен жетектердің массасын ескере отырып) жинақтың тиісті Бөлімінің нормасында ұсынылған

жабдық массасының 10%-дан артық емес - ұқсас жабдықтың массасы бойынша ең жақын нормада;

жабдық массасындағы айырмашылық Жинақтың тиісті Бөлімінің нормасында ұсынылған жабдық массасының 10%-нан артық, бірақ 50%-дан артық емес болған кезде - жабдық массасы бойынша жақын элементтік сметалық норманы ресурстық көрсеткіштеріне 1-кестеде келтірілген ең жақын коэффициенттерді қолданумен.

1-кесте - Өзгеру коэффициенттері

Жабдық массасының өзгеру коэффициенті	Элементтік сметалық норманың ресурстық көрсеткіштерінің өзгеру коэффициенті
1	2
0,30 – 0,40	0,70
0,41 – 0,50	0,75
0,51 – 0,60	0,80
0,61 – 0,70	0,85
0,71 – 0,80	0,90
0,81 – 0,90	0,95
0,91 – 1,10	1,0
1,11 – 1,20	1,10
1,21 – 1,30	1,15
1,31 – 1,40	1,20
1,41 – 1,50	1,25
1,51 – 1,60	1,30
1,61 – 1,70	1,35
1,71 – 1,80	1,40
1,81 – 1,90	1,45
1,91 – 20	1,50

Ескертпелер

1 1-кестеде келтірілген элементтік сметалық норманың ресурстық көрсеткіштерінің өзгеру коэффициенттері материалдық ресурстардың элементтік сметалық нормаларында ескерілмегендеріне де қолданылады – - жабдықты жеке сынауға және Жинақтың тиісті Бөлімдеріне қосымшаларда көрсетілген басқа да мақсаттарға арналған ресурстар.

2 Егер Жабдықтың техникалық сипаттамасында масса «дейін» деген сөзбен келтірілсе, масса бойынша түзетуге тек көрсетілген мәннен артық, ал егер «бастап» және «дейін» деген болса – белгілі бір шектерден тыс жол беріледі.

5.2 Жабдықтың техникалық сипаттамасында ол дайындалған материал көрсетілмеген жағдайда, Жинақ Бөлімдерінің элементтік сметалық нормаларында жабдық көміртекті болаттан немесе сұр шойыннан жасалған деп қабылданған.

Арнайы тоттануға қарсы қорғаныспен жабылған немесе жылу оқшаулағышы бар басқа материалдардан жасалған ұқсас жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалар тиісті Бөлімдерде қамтылған нұсқауларға сәйкес, ал мұндай нұсқаулар болмаған кезде – жеке сметалық нормалар негізінде айқындалуға тиіс.

5.3 Жинақтың қолданылатын Бөлімінің элементтік сметалық нормаларында көзделген элементтік сметалық нормалардан айтарлықтай ерекшеленетін жабдықты

монтаждауға арналған элементтік сметалық нормаларды Жинақтың тиісті Бөлімінде белгіленген тәртіппен немесе ресурстардың жеке элементтік сметалық нормалары негізінде айқындаған жөн.

6 Бөлшектеу жұмыстары

6.1 Жинақтың Бөлімдерінде жабдықты бөлшектеуге (бөліктеуге) қажетті нормалар болмаған жағдайда, ал Жинақтың Бөлімдерінің техникалық бөліктері мен кіріспе нұсқауларында оларды анықтау тәртібі туралы нұсқаулар болмаса, 2-кестеде келтірілген коэффициенттерді еңбек шығындары мен құрылыс машиналарын пайдалану уақытының нормаларына (машинист жұмысшылардың еңбек шығындарын қоса алғанда) қолдана отырып, Жинақтың тиісті Бөлімдері бойынша жабдықты монтаждау нормаларын қолдану қажет. Бөлшектеу жұмыстарын (бөлшектеуді) айқындау кезінде материалдық ресурстарға арналған шығыс нормалары ескерілмейді.

Жинақтың Бөлімдерінде жоқ жабдықты бөлшектеу кезінде жеке элементтік сметалық нормалар да әзірленуі мүмкін.

2-кесте - Жабдықты бөлшектеуге (бөліктеуге) арналған нормаларға коэффициенттер

Жабдықты бөлшектеу шарттарының атауы	**Нормаларға қолданылатын коэффициенттер**	
	жұмысшылардың еңбек шығындары	**машиналарды пайдалану уақыты (машиналарға қызмет көрсететін жұмысшылардың еңбек шығындарын қоса алғанда)**
Жабдықтың бөлшектерін жәшіктерге салып, тоттануға қарсы қабатпен майлап және қаптау ерекшеліктерін құрастыра отырып, одан әрі пайдалануға арналған жабдық	0,5	0,5
Консервациясыз және қаптамасыз одан әрі пайдалануға арналған жабдық	0,4	0,4
Сынықтарға арналған жабдық	0,3	0,3

А қосымшасы
(*ақпараттық)*

А. 1 кестесі - Жабдықтарды монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалар жинағы Бөлімдерінің тізбесі

Бөлім	Бөлімнің атауы
1	Металл өңдеу жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
2	Ағаш өңдеу жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
3	Көтеру-көлік жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
4	Ұсақтау-тарту және агломерациялық жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыстар
5	Таразы жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
6	Жылу-күштік жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыстар
7	Компрессорлық машиналарды, сорғылар мен желдеткіштерді монтаждау бойынша жұмыстар
8	Электр техникалық қондырғыларды монтаждау бойынша жұмыстар
10	Байланыс жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
11	Аспаптарды, автоматтандыру құралдарын және есептеу техникасын монтаждау бойынша жұмыстар
12	Технологиялық құбырларды монтаждау бойынша жұмыстар
13	Атом электр станцияларының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
14	Илек өндірісінің жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
15	Газ тазалау жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
16	Қара металлургия кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
17	Түсті металлургия кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
18	Химия және мұнай өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
19	Көмір және шымтезек өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
20	Темір жол көлігіндегі сигнал беру, орталықтандыру, бұғаттау және түйістерме желісін монтаждау бойынша жұмыстар
21	Метрополитендер мен тоннельдердің жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
22	Гидроэлектрлік станциялар жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
23	Электр техникалық өнеркәсіп кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
24	Құрылыс материалдары өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
25	Целлюлоза-қағаз өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
26	Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
27	Полиграфия өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
28	Тамақ өнеркәсібі жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар

29	Театр-ойын-сауық кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
30	Астық сақтау қоймалары мен астықты қайта өңдеу кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
31	Кинематография кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар

А. 1 кестесінің соңы

Бөлім	Бөлімнің атауы
32	Электрондық өнеркәсіп кәсіпорындары мен өнеркәсіптік байланыс құралдары жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
33	Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
34	Денсаулық сақтау мекемелері мен медицина өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
35	Ауыл шаруашылығы өндірістерінің жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
36	Тұрмыстық қызмет көрсету және коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар
37	Жалпы мақсаттағы жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыстар
38	Жабдықтар мен материалдық ресурстарды жабдықты монтаждауға арналған ресурстар шығысының элементтік сметалық нормалары жинағының бөлімдерінде көзделгеннен тыс қосымша өткізу бойынша жұмыстар
39	Монтаждық дәнекерлеу жалғанымдарын бақылау бойынша жұмыстар

Б қосымшасы

(*міндетті*)

Б. 1 кестесі - Жобаларда көзделген жұмыстарды жүргізу жағдайларының әсерін есепке алуға арналған еңбек шығындарының, машиналарды пайдалану уақытының нормаларына (машиналарға қызмет көрсететін жұмысшылардың еңбек шығындарын қоса алғанда) коэффициенттер

р/с №	Жұмыстарды жүргізу жағдайлары	Коэффициент
1	Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда (цехтарда, корпустарда, өндірістік алаңдарда) жұмыстарды жүргізу аймағында жұмыс істеп тұрған технологиялық жабдық немесе инженерлік коммуникациялардың тармақталған желісі болған кезде немесе ауаның шаңдануы немесе цехішілік және зауытішілік жолдар бойынша технологиялық көліктің қозғалысы болған кезде, бұл жабдықты монтаждау бойынша жұмыстарды орындауға тікелей әсер етеді	1,2
2	Бұл да сондай, металлургия, химия және мұнай-химия өнеркәсібі кәсіпорындарында	1,25
3	Монтаждау жұмыстарын жүргізу үшін тоқтатылған кәсіпорындарда (цехтарда, корпустарда, өндірістік алаңдарда), сондай-ақ жұмыстарды жүргізу аймағында үймелейтін заттар (станоктар, қондырғылар, аппараттар, пайдалану және зертханалық жабдықтар, ұйымдастыру техникасы, жиһаз және т. б.) болған кезде барлық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарда	1,15
4	Егер бұл жұмысшылардың іс-қимылын қауіпсіздік техникасының арнайы талаптарымен шектеуге байланысты болса электр берудің әуе желілерінің күзет аймағында, электрмен жабдықтау коммуникациялары өтетін жерлерде, қолданыстағы электр қондырғыларында, кернеудегі конструкциялар мен заттарға жақын жерде (өндірістік жағдайлар бойынша кернеуді толық түсіру мүмкін болмаған жағдайда)	1,2
5	Жұмыс орнындағы ауа температурасы үй-жайларда 40°С жоғары болған кезде	1,25
6	Зиянды еңбек жағдайлары бар кәсіпорындардың жұмыс істеп тұрған цехтарында өнеркәсіптік кәсіпорынның жұмысшыларына қысқартылған жұмыс күні белгіленген, ал монтаждаушы жұмысшылардың ұзақтығы қалыпты жұмыс күні болады	1,15
	Егер жабдықтарды монтаждаумен айналысатын жұмысшылар қысқартылған жұмыс күніне ауыстырылса зиянды еңбек жағдайлары бар кәсіпорындардың жұмыс істеп тұрған цехтарында:	
7	36 сағаттық жұмыс аптасында	1,15

р/с №	Жұмыстарды жүргізу жағдайлары	Коэффициент
8	24 сағаттық жұмыс аптасында	1,7

Ескертпелер

1. Сметалық құжаттаманы жасау кезінде коэффициенттерді қолдану жобаларда негізделуі тиіс. 6, 7, 8-тармақтарда келтірілген коэффициенттерді қоспағанда, бірнеше коэффициенттерді бір мезгілде қолдануға жол берілмейді, олардың әрқайсысы тиісті жағдайлар болған кезде 1 және 2-тармақтарда келтірілген коэффициенттердің бірімен бір мезгілде қолданылуы мүмкін. Бір мезгілде қолданғанда коэффициенттер көбейтіледі.

2. 4-тармақта келтірілген коэффициенттерді қоспағанда, шахталар мен кеніштерде, метрополитендер мен тоннельдерде жер асты жағдайларында жұмыстар жүргізу кезінде, сондай-ақ Жинақ Бөлімдерінің техникалық бөліктерінде немесе кіріспе нұсқауларында жұмыстарды жүргізу шарттарын ескеретін коэффициенттер б.1-кестеде келтірілген шарттарға ұқсас болған кезде коэффициенттер қолданылмайды.

2-кесте - Жер асты жағдайларында жұмыстарды жүргізу кезінде жұмыстарды жүргізу жағдайларының әсерін есепке алу үшін еңбек шығындарының нормаларына, машиналарға қызмет көрсететін жұмысшылардың еңбек шығындарына қолданылатын коэффициенттер

р/с №	Жұмыстарды жүргізу орындарының атауы	Коэффициент
1	30 сағаттық жұмыс аптасында жер асты жағдайында көмір және тақтатас шахталарында	2,45
1.1	Бұл да сондай, 36 сағаттық жұмыс аптасында	2,05
1.2	Бұл да сондай, 30 сағаттық жұмыс аптасында ерекше зиянды және ерекше ауыр еңбек жағдайларымен	2,83
1.3	Бұл да сондай, 36 сағаттық жұмыс аптасында ерекше зиянды және ерекше ауыр еңбек жағдайларымен	2,36
2	Қара және түсті металл кендерін, тау-кен-химиялық шикізатты, слюда мен тұзды, отқа төзімді шикізатты өндіру шахталарында жер асты жағдайларында	1,67
2.1	Бұл да сондай, ерекше зиянды және ерекше ауыр еңбек жағдайларымен	1,95
3	Жер асты жағдайларында флюстерді, салмалы және басқа кенсіз материалдарды өндіру шахталарында	1,47
4	Жұмыстарды жүргізудің жерасты тәсілі кезінде метрополитендер, тоннельдер және арнайы мақсаттағы жерасты құрылыстары	1,67
4.1	Бұл да сондай, ерекше зиянды және ерекше ауыр еңбек жағдайларымен	1,95
5	Жұмыстарды жүргізудің ашық тәсілі кезінде метрополитендер, тоннельдер және арнайы мақсаттағы жерасты құрылыстары	1,24

р/с №	Жұмыстарды жүргізу орындарының атауы	Коэффициент
5.1	Бұл да сондай, ерекше зиянды және ерекше ауыр еңбек жағдайларымен	1,33
6	Шахталар мен кеніштердің бетіндегі жұмыстар	1,14
7	Жерасты жағдайларында: метрополитендердің пайдаланылатын тоннельдерінде кернеуді алғаннан кейін түнгі уақытта («терезеге»):	
7.1	жұмыс ауысымы ішінде жұмысшыларды «терезеге» байланысты жұмыстарды орындау үшін ғана пайдаланған кезде	3
7.2	«терезеге» байланысты емес жұмыстарды орындау үшін жұмыс ауысымының бір бөлігін (жұмысшыларды тоннельге жібергенге дейін және тоннельден шыққаннан кейін) пайдалану кезінде	2

Ескертпелер

1 Сметалық құжаттаманы жасау кезінде коэффициенттерді қолдану жобаларда негізделуі тиіс. Бірнеше коэффициенттерді бір мезгілде қолдануға жол берілмейді.

2 Коэффициенттер жұмыс күнінің ұзақтығы келесідей болған кезде есептелді: жерасты жұмыстары – алты сағаттық жұмыс күні; қалған жұмыс түрлері – жеті сағаттық жұмыс күні.

3 1.2, 1.3, 2.1, 4.1-тармақтарда коэффициенттердің орташаланған мәндері қабылданды, қолдану кезінде түзетілмейді.

В қосымшасы

(*міндетті*)

В. 1 кестесі - Құрылыс салу температуралық аймағының климаттық жағдайларына байланысты монтаждау жұмыстарын жүргізу кезінде қосымша еңбек шығындарын есепке алу үшін монтаждау жұмыстарының топтары бойынша еңбек шығындарының, машиналарды пайдалану уақытының (жұмысшы машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда) нормаларына коэффициенттер

Температуралық аймақ	Өңір	Жұмыс топтары бойынша коэффициенттер		
		1	2	3
I	Жамбыл облысы	1,02	1,03	1,04
	Маңғыстау облысы			
	Түркістан облысы			
	Шымкент қ.			
II	Алматы қ.	1,04	1,06	1,08
	Алматы облысы			
	Атырау облысы			
	Қызылорда облысы			
III	Батыс Қазақстан облысы	1,05	1,08	1,11
	Қостанай облысы			
	Ақтөбе облысы			
IV	Нұр-Сұлтан қ.	1,06	1,09	1,12
	Ақмола облысы			
	Шығыс Қазақстан облысы			
	Қарағанды облысы			
	Павлодар облысы			
	Солтүстік Қазақстан облысы			

Ескертпелер:

1. Коэффициенттер суық кезеңнің климаттық жағдайларына байланысты өңірлердің температуралық аймақтары бойынша сараланған.

2. Коэффициенттер құрылыс салу температуралық аймағының климаттық жағдайында жұмыстарды жүргізудің қиындауына байланысты жұмыстарды жүргізу кезіндегі қосымша шығындарды ескереді. Жұмыстарды жүргізудің қиындауы еңбек өнімділігінің төмендеуіне әсер ететін келесі факторлардың болуымен сипатталады:

жұмысшылардың жылы киіммен қозғалуының қиындауы және қолғаптағы жұмыстың қолайсыздығы;

жұмыс орнындағы қолайсыз климаттық жағдайлар кезінде көрінудің нашарлауы;

жұмыс орнында мұз бен қардың болуы; аяқ киімнің, материалдардың, конструкциялар мен құралдардың мұздануы; жұмыс процесінде жұмыс орнын, материалдарды және т. б. қардан мерзімді тазарту қажеттілігі;

сыртқы ауа температурасы минус 20°-тан минус 35°С-қа дейін болғанда жұмысшыларды жылыту үшін жұмыстағы үзіліспен байланысты және минус 30°С-тан төмен температурада жұмыс күнін қысқарту есебінен жұмыс уақытының жоғалуы;

Температуралық аймақ	Өңір	Жұмыс топтары бойынша коэффициенттер		
		1	2	3
қолайсыз климаттық жағдайлар кезеңінде құрылыс машиналары мен механизмдерінің өнімділігінің төмендеуі, сондай-ақ қолайсыз климаттық жағдайлар кезеңінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауға байланысты жұмыстағы үзілістер кезінде олардың бос тұруы; жылдамдығы қоса алғанда 10 м/с дейінгі желдің болуы; төмен температурадан туындаған технологиялық процестердегі асқынулар (жұмысшыларды жылыту үшін уақытша құрылыстарды дайындау, уақытша су құбырлары желілері мен бактарды жылыту, бетон мен ерітіндіні тасымалдау құралдарын жылытуды қолдану, құрылыс машиналарын пайдалануға уақыт нормасын ұлғайту). 3. Коэффициенттер жылдың мезгіліне қарамастан В.2 кестесінде келтірілген жұмыстардың барлық түрлеріне қолданылады.				

В. 2 кестесі - Топтар бойынша монтаждау жұмыстарының түрлері

р/с №	Бөлім шифры	Жұмыстардың атауы	Жұмыс тобы
		II Монтаждау жұмыстары	
52	1301	Металл өңдеу жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
53	1302	Ағаш өңдеу жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
54	1303	Көтеру-көлік жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
55	1304	Ұсақтау-тарту және агломерациялық жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыстар	2
56	1305	Таразы жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
57	1306	Жылу-күштік жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыстар	2
58	1307	Компрессорлық машиналарды, сорғылар мен желдеткіштерді монтаждау бойынша жұмыстар	2
59	1308	Электр техникалық қондырғыларды монтаждау бойынша жұмыстар	2
60	1309	Электр пештерін монтаждау бойынша жұмыстар	2

р/с №	Бөлім шифры	Жұмыстардың атауы	Жұмыс тобы
61	1310	Байланыс жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
62	1311	Аспаптарды, автоматтандыру құралдарын және есептеу техникасын монтаждау бойынша жұмыстар	2
63	1312	Технологиялық құбырларды монтаждау бойынша жұмыстар	2
64	1313	Атом электр станцияларын монтаждау бойынша жұмыстар	2
65	1314	Илек өндірісінің жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
66	1315	Газ тазалау жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
67	1316	Қара металлургия кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
68	1317	Түсті металлургия кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
69	1318	Химия және мұнай өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
70	1319	Көмір және шымтезек өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
71	1320	Темір жол көлігіндегі сигнал беру, орталықтандыру, бұғаттау және түйістерме желісін монтаждау бойынша жұмыстар	2
72	1321	Метрополитендер мен тоннельдердің жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
73	1322	Гидроэлектрлік станциялар жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
74	1323	Электр техникалық өнеркәсіп кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2

р/с №	Бөлім шифры	Жұмыстардың атауы	Жұмыс тобы
75	1324	Құрылыс материалдары өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
76	1325	Целлюлоза-қағаз өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
77	1326	Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
78	1327	Полиграфия өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
79	1328	Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
80	1329	Театр-ойын-сауық кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
81	1330	Астық сақтау қоймалары мен астықты қайта өңдеу кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
82	1331	Кинематография кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
83	1332	Электрондық өнеркәсіп кәсіпорындары мен өнеркәсіптік байланыс құралдары жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
84	1333	Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
85	1334	Денсаулық сақтау мекемелері мен медицина өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
86	1335	Ауыл шаруашылығы өндірістерінің жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
87	1336	Тұрмыстық қызмет көрсету және коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарының жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар	2
88	1337	Жалпы мақсаттағы жабдықтарды монтаждау бойынша жұмыстар	2

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министірлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер

ЖАБДЫҚТАРДЫ МОНТАЖДАУҒА АРНАЛҒАН ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ
ЭЛЕМЕНТТІК СМЕТАЛЫҚ НОРМАЛАРЫ

(ҚР ЭСН 8.04-02-2022)

Жабдықтарды монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалары қолдану жөніндегі жалпы ережелер

Басылымға жауаптылар: «ҚазҚСҒЗИ» АҚ
Қарпі: Times New Roman. Пішімі 60 × 84 $^{1}/_{8}$

050046, Алматы қаласы, Солодовников көшесі, 21
Тел./факс: +7 (727) 392 76 16 – қабылдау бөлмесі

Издание официальное

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства

ЭЛЕМЕНТНЫЕ СМЕТНЫЕ НОРМЫ НА МОНТАЖ ОБОРУДОВАНИЯ
ЭЛЕМЕНТНЫЕ СМЕТНЫЕ НОРМЫ

(ЭСН РК 8.04-02-2022)

Общие положения по применению элементных сметных норм на монтаж оборудования

Ответственные за выпуск: АО «КазНИИСА»
Гарнитура: Times New Roman. Формат 60 × 84 $^{1}/_{8}$

050046, г. Алматы, ул. Солодовникова, 21
Тел./факс: +7 (727) 392 76 16 – приемная